

Еуразиялық экономикалық одақта сәйкестендіру құралдарымен тауарларды таңбалау жүйесін дамыту туралы

Еуразиялық Экономикалық Кеңес комиссиясының 2017 жылғы 17 мамырдағы № 17
Өкімі

1. Еуразиялық экономикалық одақта сәйкестендіру құралдарымен тауарларды таңбалау жүйесін дамыту мәселелері жөніндегі жоғары деңгейдегі жұмыс тобы құрылсын және оның құрамы (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Осы Өкіммен құрылатын жұмыс тобы:

а) Еуразиялық экономикалық одақта сәйкестендіру құралдарымен тауарларды таңбалау туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) жобасын әзірлеу үшін Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Кеңесінің таяудағы отырысына дейін мынадай негіз қалаушы тәсілдемелерді келісу мақсатында:

сәйкестендіру құралдарымен тауарларды таңбалауды жүзеге асыру мақсатын беркіту қажеттігін;

сәйкестендіру құралдарымен таңбалауды енгізу орынды болатын тауарларды таңдаудың базалық критерийлерін айқындау қажеттігін;

сәйкестендіру құралдарымен тауарларды таңбалауды қатаң есептілік бланкілері түріндегі немесе өзге де тәсілдердегі бақылау (сәйкестендіру) белгілерін қолдану жолымен жүзеге асыру мүмкіндігін;

мүше мемлекеттердің өзара саудасы шеңберінде тауарды өткізу кезінде тауарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің ішкі нарығында айналымға қосқан кезеңде, сондай-ақ қатаң есептілік бланкілері түріндегі бақылау (сәйкестендіру) белгілерін қолданудан өзгешелеу сәйкестендіру құралдарымен тауарларды таңбалау тәсілдерін пайдаланған жағдайда тауарды мүше мемлекеттің ішкі нарығындағы айналымнан шығару кезеңінде тауар туралы мәліметтерді тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) енгізу қажеттігін;

қатаң есептілік бланкілері түріндегі бақылау (сәйкестендіру) белгілерін қолданған жағдайда, сондай-ақ осы мүше мемлекеттің ішкі нарығындағы тауарлар айналымының өзге де кезеңдерінде, тауарды осы мүше мемлекеттің ішкі нарығындағы айналымнан шығару кезеңінде тауар туралы мәліметтерді ақпараттық жүйеге енгізу туралы талаптарды мүше мемлекеттің өз заңнамасында белгілеу мүмкіндігін;

Комиссия Кеңесіне сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын тауарлар тобын айқындау бойынша, сондай-ақ әрбір тауар тобына қатысты сәйкестендіру

құралдары мен оларға қойылатын талаптарды, сәйкестендіру құралдарымен тауарларды таңбалауға енгізу мерзімдерін, сондай-ақ ақпараттық жүйеге енгізілетін тауарлар туралы мәліметтер құрамын айқындау бойынша өкілеттіктер беруді;

мүше мемлекеттің сәйкестендіру құралдарымен тауарларды таңбалау тәсілін айқындау мүмкіндігін;

Комиссия Кеңесі айқындаған тауарларды сәйкестендіру құралдары қолданылған және оларға қойылатын талаптар сақталған кезде Келісім күшіне енген күнге дейін мүше мемлекеттерде қолданылатын тауарларды таңбалаудың ұлттық жүйелерін пайдалану мүмкіндігін, сондай-ақ Комиссия айқындаған қағидаларға сәйкес ұлттық құрауыштар мен ақпараттық жүйенің интеграциялық құрауыштарының өзара іс-қимылын қамтамасыз етуді;

Комиссияның сәйкестендірудің пайдаланылатын құралдарының сипаттамасын және таңбалау тәсілдерін, соның ішінде бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалау тәсілдерін, сондай-ақ олардың сипатын, оларда бар ақпараттың құрамы мен құрылымын қамтитын сәйкестендіру құралдарының электрондық түрдегі бірыңғай тізілімін жасау және енгізу қажеттігін;

2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015–2016 жылдары іске асыру туралы келісімнің және 2016 жылғы 23 қарашада қол қойылған 2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015–2016 жылдары іске асыру туралы келісімнің қолданылу мерзімін ұзарту туралы хаттаманың қолданыстары тоқтатылғаннан кейін Келісімге сәйкес "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды қамтамасыз ету қажеттігін пысықтасын.

б) осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген тәсілдемелерді келісу нәтижелері туралы Комиссия Кеңесінің таяудағы отырысында баяндасын;

в) осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген негіз қалаушы тәсілдемелерді келісу қорытындылары бойынша Келісім жобасын дайындасын және оны Комиссия Кеңесінің кезекті отырысында қарауға ұсынсын;

г) сәйкестендіру құралдарымен таңбалауды енгізу оларға қатысты орынды болатын тауарлар тізбесінің жобасын әзірлесін.

3. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
----------------------------	-----------------------------	------------------------------	---------------------------	-------------------------

В. Габриелян	В. Матюшевский	А.Мамин	О. Панкратов	И. Шувалов
--------------	----------------	---------	--------------	------------

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2017 жылғы 17 мамырдағы № 17
өкімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақта сәйкестендіру құралдарымен тауарларды таңбалау жүйесін дамыту мәселелері жөніндегі жоғары деңгейдегі жұмыс тобының ҚҰРАМЫ

Никишина Вероника Олеговна	-Еуразиялық экономикалық комиссияның Сауда жөніндегі Алқа мүшесі (Министр) (жұмыс тобының басшысы)
----------------------------	--

Еуразиялық экономикалық комиссиядан

Минасян Каринэ Агасиевна	-Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықтар, ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жөніндегі Алқа мүшесі (Министр)
Караян Хажак Гамлетович	-Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры
Кочарян Гагик Карленович	-Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу департаментінің директоры
Кушнарев Николай Геннадиевич	-Өнеркәсіптік саясат департаментінің директоры

Армения Республикасынан

Мирумян Вахтанг Маисович	- Армения Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары
Пашаян Микаел Мешегович	- Армения Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кірістер комитетінің Ақпараттық технологиялар басқармасының бастығы

Беларусь Республикасынан

Муквич Владимир Валерьевич	-Беларусь Республикасының Салықтар және алымдар министрінің орынбасары
Чеботарь Юрий Адамович	- Беларусь Республикасының Экономика министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасынан

Қыпшақов Арғын Мықтыбайұлы	-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары
Жүнісова Дана Бейсенқызы	- Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма мүшесі

Қырғыз Республикасынан

--	--

Тюменбаев Баккельди Рахимович	- Кыргыз Республикасы Экономика министрінің орынбасары
Айдралиева Расым Шаршекеевна	- Кыргыз Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік салық қызметі төрағасының орынбасары
Омуралиев Мирлан Жумабекович	-Кыргыз Республикасының Мемлекеттік ақпараттық технологиялар және байланыс комитеті төрағасының орынбасары
Торутаев Алтынбек Элимович	-Кыргыз Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі төрағасының бірінші орынбасары
Ким Татьяна Михайловна	- Кыргыз Республикасы Экономика министрінің фискальдық мәселелер бойынша қоғамдық негіздегі кеңесшісі ("Кыргызстанның салық консультанттары палатасы" қоғамдық бірлестігінің басқарма төрағасы)
Жумабаев Даир Эсенгулович	- Кыргыз Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасының Кыргызсараптама департаменті басшысының орынбасары

Ресей Федерациясынан

Батуркин Андрей Николаевич	-Федералдық салық қызметі басшысының орынбасары
Евтухов Виктор Леонидович	-Ресей Федерациясы Өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары – статс-хатшы
Нестеренко Татьяна Геннадьевна	-Ресей Федерациясы Қаржы министрінің бірінші орынбасары
Пархоменко Дмитрий Всеволодович	-Федералдық денсаулық сақтау саласындағы қадағалау қызметі басшысының орынбасары
Чернякова Елена Евгеньевна	-Ресей Федерациясы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік және муниципалдық қаржыларды басқару және бюджеттік процесті ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы ақпараттық технологиялар департаментінің директоры